



«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік
Қазақстан университеті» КеАҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2026 жылғы 27 наурыздағы
№ 3 хаттама)
БЕКІТІЛДІ



«М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ
Мүдделі тараптар картасы

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Мүдделі тараптар картасы (бұдан әрі – Картасы) - «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ (бұдан әрі - Университет) мүдделі тараптарды сәйкестендіруге, бағалау, рейтингтеу және өзара әрекеттестікті жүйелі түрде жүзеге асыру тәсілін айқындайтын ресми құжат болып табылады.
2. Карта AA1000 стандарттарының (APS – Accountability Principles Standard; SES – Stakeholder Engagement Standard), ISO 26000 «Әлеуметтік жауапкершілік» басшылығының талаптары мен қағидаттарына, сондай-ақ «М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес әзірленген.
3. Картаны әзірлеу мақсаттары:
 - басқарушылық шешімдердің инклюзивтілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету;
 - білім беру мен ғылыми қызмет сапасын арттыру;
 - Университеттің қоғам және еңбек нарығымен өзара әрекеттестігін нығайту;
 - тұрақты даму қағидаттарын стратегиялық басқаруға интеграциялау.
4. Карта Университеттің Даму стратегиясын, оқу бағдарламаларының даму жоспарларын, тұрақты даму саясатын және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін әзірлеу және түзету кезінде қолданылады.

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 32 СД СҚУ 32	Басылым: бірінші Издание: первое	16 беттің 2 беті Стр. 2 из 16
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

2. ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР

5. **Мүдделі тарап (стейкхолдер)** - Университеттің қызметінен әсер алатын немесе Университеттің қызметіне әсер етуге қабілетті тұлға немесе ұйым (AA1000 SES, ISO 26000).
6. **Маңызды мәселе** - Университеттің қызметінің экономикалық, әлеуметтік немесе экологиялық тұрғыдан Университетке және оның стейкхолдерлеріне елеулі әсер ететін аспектісі (AA1000 APS).
7. **Стейкхолдерлермен диалог** - күтілетін нәтижелерді, тәуекелдер мен ынтымақтастық мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған екіжақты өзара әрекеттестіктің құрылымдық процесі.
8. **Ықпал** - стейкхолдердің Университеттің шешімдеріне, ресурстарына, беделіне және стратегиясына әсер ету қабілетінің дәрежесі.
9. **Мүдде** - стейкхолдердің Университет қызметінің нәтижелеріне қызығушылық деңгейі.
10. **Біріктірілген маңыздылық** - стейкхолдердің **Ықпалы** мен **Мүддесі** деңгейлерінің үйлесімі негізінде айқындалатын және оны Маңыздылық матрицасында орналастыруға мүмкіндік беретін жиынтық сапалық көрсеткіш (4-бөлімді қараңыз).
11. **Стейкхолдерлердің мүдделері** - бұл стейкхолдердің институционалдық функцияларын, стратегиялық басымдықтарын және ұзақ мерзімді қатысуын көрсететін Университет қызметіне деген тұрақты қызығушылық бағыттары.
12. **Стейкхолдерлердің күтулері** - бұл стейкхолдердің Университеттің нәтижелеріне, процестеріне және шешімдеріне қойылатын, орта және қысқа мерзімді перспективада бағалауға жататын нақты талаптар мен сұранымдар.
13. **Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі** - білім беру, ғылыми және басқарушылық қызметті тұрақты түрде жетілдіруге бағытталған Университет рәсімдерінің жиынтығы.


3. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ТОПТАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

14. Университет Университетпен өзара әрекеттесу сипатына, оның қызметіне ықпал ету деңгейіне және өзара тәуелділік дәрежесіне қарай стейкхолдерлердің мынадай топтарын айқындайды (1-қосымша):

I. ІШКІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

A. Өкілеттіктер пен жауапкершілік саласы (*Негізгі шешімдер қабылдайтын және жауапты топтар*)

- Директорлар кеңесі

	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 32 СД СҚУ 32	Басылым: бірінші Издание: первое	16 беттің 3 беті Стр. 3 из 16
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- Университет Басқармасы
- Бөлімше жетекшілері
- Институт директорлары / факультет декандары
- Кафедра меңгерушілері

Б. Тікелей ықпал саласы (*Білім беру процесіне тікелей қатысатын топтар*)

- Профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ)
- Қызметкерлер
- Магистранттар, PhD докторанттар және бакалавриат студенттері

II. СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР

А. Өкілеттіктер пен жауапкершілік саласы (*Мемлекеттік басқару және бақылау органдары*)

- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (біріккен акционер және салалық реттеуші)
- ҚР Қаржы министрлігі
- Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер)
- Басқа мемлекеттік органдар

Б. Тікелей ықпал саласы (*Университетпен тікелей өзара әрекеттесетін топтар*)

- Талапкерлер және олардың ата-аналары
- Университет түлектері (Alumni)
- Жұмыс берушілер / Тәжірибе базалары
- Инвесторлар / қаржыландырушы ұйымдар
- Халықаралық серіктестер
- Жеткізушілер және мердігерлер

В. Жанама ықпал ету саласы (*жүйелі түрде жанама әсер ететін сыртқы топтар*)

- Бұқаралық ақпарат құралдары
- Қоғамдық ұйымдар мен КЕҰ
- ҚР басқа ЖОО
- Аккредиттеу агенттіктері
- Рейтингік агенттіктер
- Қайырымдылық қорлары мен демеушілер
- Аудиторлық және консалтингтік компаниялар
- Банктер
- Халық



4. МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ (РЕЙТИНГТЕУ)

15. Стейкхолдерлерді бағалау екі критерий бойынша жүргізіледі: ықпал, мүдде. Әр критерийге арналған үш балдық шкаланың (1 - төмен, 2 - орташа, 3 - жоғары) егжей-тегжейлі сипаттамасы 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. Стейкхолдерлерді бағалау деңгейлері.

Деңгей	Сипаттама
	Ықпал
1 - төмен	Стейкхолдер Университет қызметіне шектеулі ықпал етеді; шешім қабылдауға қатыспайды; ықпал эпизодтық немесе жанама сипатта болып табылады.
2 - орташа	Стейкхолдер Университеттің жеке процестері, жобалары немесе қызмет бағыттарына әсер ете алады; ықпал консультациялар, ұсыныстар және талқылауларға қатысу арқылы көрінеді.
3 - жоғары	Стейкхолдер Университеттің стратегиялық шешімдеріне, нормативтік реттеуге, ресурстарды бөлуге немесе білім беру және орнықты даму саласындағы саясатты қалыптастыруға айтарлықтай ықпал етеді.
	Мүдде
1 - төмен	Университет қызметіне қызығушылық шектеулі немесе бір реттік сипатта болады; өзара әрекеттесу ретсіз жүзеге асады.
2 - орташа	Стейкхолдер Университеттің жеке аспектілеріне тұрақты қызығушылық танытады (оқу бағдарламалары, жобалар, түлектер).
3 - жоғары	Стейкхолдер Университет қызметінің нәтижелеріне, оның беделіне, білім сапасына және ұзақ мерзімді дамуына жүйелі қызығушылық білдіреді.

16. Стейкхолдердің біріктірілген маңыздылығы келесі 2-кестеге сәйкес сапалық тұрғыда Ықпал және Мүдде критерийлері бойынша бағалардың үйлесімі негізінде анықталады,

2-кесте. Біріктірілген маңыздылықты анықтау.

Ықпал	Мүдде	Біріктірілген маңыздылық	Түсініктеме
Жоғары	Жоғары	Жоғары	Негізгі ойыншылар. Максималды қатысу мен серіктестікті қажет етеді.
Жоғары	Орташа	Жоғары	
Орташа	Жоғары	Жоғары	
Орташа	Орташа	Орташа	Назар аударуды және тұрақты ақпарат беруді қажет ететін топтар.
Төмен	Жоғары	Орташа	

Төмен	Орташа	Төмен	Жалпы бақылау мен базалық ақпаратты қажет ететін топтар.
Төмен	Төмен	Төмен	
Орташа	Төмен	Төмен	
Жоғары	Төмен	Төмен	

17. Аталған әдістемені стейкхолдерлер топтарына (3-бөлім) қолдану нәтижелері 2-қосымшада (жиынтық кесте) тіркеледі және 3-қосымшада (графикалық карта) көрнекі түрде ұсынылады.

5. СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН КҮТІЛІМДЕРІ

18. Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу жүйесі аясында мүдделері мен күтілімдері өзара байланысты ұғымдар ретінде қарастырылады.
19. Стейкхолдерлердің маңыздылық матрицасын құру кезінде:
- мүдделер стейкхолдердің ықпал ету дәрежесін және стратегиялық маңыздылығын айқындау үшін қолданылады;
 - күтулер - Университет қызметінің нәтижелеріне қатысу деңгейін және сезімталдық дәрежесін бағалау үшін.
20. Стейкхолдерлердің барлық топтары бойынша мүдделер мен күтулердің егжей-тегжейлі кестесі 3-қосымшада келтірілген, Картаның ажырамас бөлігі болып табылады және **2-Қосымшаның** 2-бағанын толтыру кезінде ескеріледі.

6. ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ СТРАТЕГИЯСЫ

21. Өзара әрекеттесу формалары мен жиілігі стейкхолдердің біріктірілген маңыздылық деңгейімен анықталады, ал нақты құралдар - контекстке байланысты қолданылады.

Таблица 3.

Маңыздылық деңгейі	Өзара әрекеттесу мақсаты	Формалар мен құралдар мысалдары	Жиілік / Сипат
Жоғары	Стратегияға терең қатысу, бірлескен шешім қабылдау, тәуекелдерді басқару.	Директорлар кеңесі мен Ғылыми кеңестің отырыстарына қатысу; стратегиялық сессиялар; тұрақты есептер (тек	Тұрақты диалог. Үнемі, басқару органдарының жұмыс регламенттеріне






Маңыздылық деңгейі	Өзара әрекеттесу мақсаты	Формалар мен құралдар мысалдары	Жиілік / Сипат
		қаржылық емес); басшылықтың жеке кездесулері; бірлескен жұмыс топтары.	сәйкес және қажеттілігіне қарай.
Орташа	Кері байланыс алу, ақпараттандыру, жобаларға қатыстыру, адалдықты қолдау.	Салалық консультативтік кеңестер (мысалы, жұмыс берушілермен); фокус-топтар; онлайн сауалнамалар; конференциялар; қоғамдық есептер; жаңалықтар тарату.	Кезеңдік өзара әрекеттесу. Жоспарлы (жылына 1-2 рет) және жобаның бастамасы бойынша.
Төмен	Ақпараттандыру, жағымды қабылдауды қалыптастыру, позициядағы өзгерістерді бақылау.	Сайтта пен БАҚ-тағы жалпы жарияланымдар; жылдық есеп; ашық есік күндері; жалпы таратылымдар; жария орта мониторингі.	Ақпараттық қолдау. Университеттің негізгі оқиғалары немесе стейкхолдердің позициясының өзгеруі кезінде.

7. ЖАУАП БЕРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

22. Жауаптылық қағидатын (Responsiveness) іске асыру мақсатында AA1000 APS (Accountability Principles Standard) стандартына сәйкес Университетте мүдделі тараптардың пікірлерін есепке алу үшін регламенттелген тәртіп орнатылады.
23. Мүдделі тараптардан кері байланыс осы картаның 6-бөлімде көрсетілген өзара әрекеттесу форматтары арқылы жинақталады, соның ішінде, бірақ тек онымен шектелмей: сауалнамалар өткізу, жұмыс кездесулерін және консультативтік кеңестерді ұйымдастыру, белгіленген байланыс арналары арқылы келіп түсетін ресми сұраныстарды қарау, сондай-ақ БАҚ-тағы жарияланған өтініштерді мониторингі.
24. Барлық келіп түскен пікірлер, ұсыныстар және сын-ескертпелерді жауапты құрылымдық бөлімшелер немесе оларға бекітілген жауапкершілік аймағына сәйкес тағайындалған лауазымды тұлғалар міндетті түрде тіркеуге тиіс.


	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 32 СД СҚУ 32	Басылым: бірінші Издание: первое	16 беттің 7 беті Стр. 7 из 16
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- Тіркелген ақпарат оның Университет қызметі үшін маңыздылығы (материалдық мәні) екені және жедел әрекет ету қажеттілігі тұрғысынан бастапқы талдаудан өтеді.
25. Өткізілген талдау негізінде ақпарат Университеттің коллегиялық органдарына немесе құрылымдық бөлімшелеріне келесі тәртіппен қарау үшін жіберіледі:
- Даму стратегиялық, бюджетті бекіту, ірі инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға қатысты мәселелер - Басқарма мен Директорлар кеңесіне.
 - Білім беру, ғылыми және инновациялық саясатқа қатысты мәселелер - Ғылыми кеңеске.
 - Операциялық және әкімшілік-шаруашылық мәселелер - олардың құзыретіне сәйкес бейінді комитеттердің немесе жауапты басшылардың қарауына.
26. Өтінішті қараған нәтижелері бойынша тиісті коллегиялық орган қабылдаған шешім міндетті түрде құжаттық түрде тіркеледі. Кері байланыс бастамашысы (мүдделі тарап) қаралған нәтижелер және қабылданған шешім туралы (не қабылданған әрекеттер туралы) бастапқы өтініш жолданған байланыс арнасы арқылы немесе Университетте белгіленген басқа ресми тәсілмен хабарланады.
27. Мүдделі тараптардың пікірлерін ескере отырып қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау Университеттің жалпы тапсырмаларды және өкімдік құжаттарды орындау бақылау жүйесі аясында жүзеге асырылады.

8. КАРТАНЫ БЕКІТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ

28. Осы Картаны «М. Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ Директорлар кеңесі бекітеді. Бекітілгеннен кейін құжат Университеттің ресми сайтындағы «Тұрақты даму» бөлімінде орналастырылады және негізгі стейкхолдерлерге ресми коммуникациялық арналар арқылы хабарланады.
29. Карта басқару жұмысының жұмыс құралы болып табылады және келесі басқарушылық циклде қолданылады:
- Жыл сайын - Университеттің даму Бағдарламасы мен жоспарын жаңарту кезінде.
 - Стратегиялық шешімдер қабылдағанда - негізгі топтарға әсерді бағалау және тәуекелдерді анықтау үшін.
 - Білім беру бағдарламаларын, ғылыми жоспарлар мен жобаларды әзірлеу және түзету кезінде.



	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 32 СД СҚУ 32	Басылым: бірінші Издание: первое	16 беттің 8 беті Стр. 8 из 16
-----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------	-------------------------------------	----------------------------------

- Коммуникациялық белсенділікті және қоғамдық іс-шараларды жоспарлау үшін.
30. Картаны өзектендіру жылына кемінде бір рет Стратегия және даму департаментінің күшімен жүргізіледі. Өзектендіру тізілімді, маңыздылық бағаларын, мүдделерді және өзара іс-қимыл форматтарын қайта қарауды қамтиды. Анықталған өзгерістер Тұрақты даму жөніндегі үйлестіру тобының қарауына ұсынылады, Басқармамен келісіліп, Қоғамның тұрақты даму саясатын іске асыру туралы есеп шеңберінде Директорлар кеңесінің бекітуіне енгізіледі.





1-қосымша. Kozybayev University мүдделі тараптарының картасы



Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:

2-қосымша. Стейкхолдерлердің мүдделері мен өзара әрекеттесу кестесі

Стейкхолдер	Мүдделері мен күтілімдері	Ықпал	Мүдде	Біріктірілген бағалау	Ықпалдың құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
I. ІШКІ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР						
A. Өкілеттіктер пен жауапкершілік саласы						
Директорлар кеңесі	Стратегиялық тұрақтылық, ашық есептілік, КРІ жетістігі.	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Стратегияны, бюджетті, есептілікті бекіту; Басқарманы тағайындау; қызметті бақылау.	ЖОҒАРЫ. Кеңес отырыстарына қатысу, толық есептерді ұсыну, даму бойынша стратегиялық сессиялар.
Университет Басқармасы	Стратегияны іске асыру, процестердің басқарылуы, сенімді аналитика.	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Жедел басқару, ресурстарды бөлу, ішкі регламенттерді бекіту, кадрлық шешімдер.	ЖОҒАРЫ. Апталық/айлық жиналыстар, негізгі шешімдерді келісу, бекітілген стратегия аясында жұмыс.
Бөлімше жетекшілері	Бөлімшелердің тиімділігі мен ресурстық қамтамасыз етілуі, нақты регламенттер.	Орташа	Орташа	Орташа	Шешімдерді орындау, жедел есептілік, процестерді жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.	ОРТАША. Тұрақты жиналыстар (айына 1–2 рет), жобалық топтарға қосу, кері байланыс үшін сауалнамалар.
Институт директорлары / факультет декандары	Бағдарламалардың сапасы, кадрлардың дамуы, академиялық бедел, автономия.	Орташа	Жоғары	Жоғары	Факультеттің білім беру саясатын қалыптастыру, ПОҚ жүктемесін бөлу, контингент пен беделге әсер ету.	ЖОҒАРЫ. Ғылыми кеңеске қатысу, бағдарламалар бойынша стратегиялық сессиялар, ректорат алдында тұрақты есептер.
Кафедра меңгерушілері	Академиялық сапа, ғылыми даму, ресурстарды әділ бөлу.	Орташа	Жоғары	Жоғары	Бағдарламалардың академиялық сапасы, ғылыми жетекшілік, оқу жоспарларын қалыптастыру.	ЖОҒАРЫ. Факультеттер/институттар кеңестеріндегі жұмыс, әдістемелік комиссияларға қатысу, институт басшылығымен жеке кездесулер.
B. Тікелей ықпал саласы						
Профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОҚ)	Жұмыспен қамтудың тұрақтылығы, академиялық еркіндік, кәсіби өсу, әділ бағалау.	Орташа	Орташа	Орташа	Оқыту және ғылыми жұмыстың сапасы, академиялық бедел, сараптамалық кеңестерге қатысу, кәсіподақ арқылы кері байланыс.	ОРТАША. ПОҚ консультативтік кеңестері, қанағаттанушылықты үнемі сұрастыру, кадрларды дамыту бағдарламасы, ұжымдық шарт бойынша келіссөздер.

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:





Стейкхолдер	Мүдделері мен күтілімдері	Ықпал	Мүдде	Біріктірілген бағалау	Ықпалдың құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Қызметкерлер	Тұрақты еңбек жағдайлары, кәсіби өсу, құрметті қатынас.	Орташа	Орташа	Орташа	Әкімшілік функциялардың сапалы орындалуы, адалдық, басшылық арқылы кері байланыс.	ОРТАША. Ішкі портал және жиналыстар арқылы ақпараттандыру, оқыту бағдарламалары, ұсыныстар жәшігі.
Магистранттар, PhD докторанттар және бакалавриат студенттері	Білім берудің сапасы мен қолжетімділігі, практикалық бағыттылық, бағалаудың объективтілігі.	Орташа	Орташа	Орташа	Академиялық үлгерім, Студенттік кеңес арқылы кері байланыс, университеттің беделі (пікірлер), әлеуметтік желілердегі белсенділік.	ОРТАША. Тұрақты сауалнамалар жүйесі, Студенттер кеңесінің жұмысы, Басқармамен ашық диалог күндері.
II. СЫРТҚЫ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР						
A. Өкілеттіктер пен жауапкершілік саласы						
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (біріккен акционер және салалық реттеуші)	Мемлекеттік КРІ-ге жету, қаражатты мақсатты пайдалану, саясат пен нормативтерге сәйкестік.	Жоғары	Жоғары	Жоғары	Мемлекеттік тапсырма, қаржыландыру, лицензиялау және аккредиттеу, нормативтік реттеу, негізгі көрсеткіштер (КРІ).	ЖОҒАРЫ. Белгіленген нысандар бойынша ресми есептілік, жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер, министрліктің жұмыс топтарына қатысу.
ҚР Қаржы министрлігі	Бюджеттік шығыстардың ашықтығы және тәртібі.	Жоғары	Орташа	Жоғары	Бюджеттік қаржыландыру, қаражатты мақсатты пайдалану бақылауы, аудит.	ЖОҒАРЫ. Қаржылық есептілікті толық көлемде және белгіленген мерзімде ұсыну, сметаларды келісу.
Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер)	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, сұранысқа ие кадрларды дайындау.	Орташа	Орташа	Орташа	Өңірлік даму бағдарламалары, гранттар, практикаға арналған алаңдар, әлеуметтік серіктестік.	ОРТАША. Үйлестіру кеңестерінің отырыстарына қатысу, бірлескен жобалар (әлеуметтік, мәдени), аймаққа қосқан үлесі туралы тұрақты хабарландыру.
Басқа мемлекеттік органдар	НҚА сақтау	Орташа	Орташа	Орташа	Өз құзыреті саласындағы бақылау (өрт қауіпсіздігі, СЭҚ және т.б.), нұсқамалар.	ОРТАША. Нұсқамаларды орындау, сұралған ақпаратты уақытында беру, өзара дұрыс әрекеттесу.
B. Тікелей ықпал саласы						
Талапкерлер және олардың ата-аналары	Қабылдау шарттарының айқындылығы, білім сапасы, қауіпсіз орта, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері.	Орташа	Орташа	Орташа	ЖОО-ны таңдау, төлем қабілеттілігі, қоғамдық пікір қалыптастыру (ауызекі ақпарат).	ОРТАША. Айқын сайт, ашық есік күндері, қабылдау комиссиясының жұмысы, талапкерлер үшін әлеуметтік желілерде белсенділік.



Стейсхолдер	Мүдделері мен күтілімдері	Ықпал	Мүдде	Біріктірілген бағалау	Ықпалдың құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Университет түлектері (Alumni)	Дипломның беделі, байланысты сақтау, жетістіктерді мойындау.	Төмен	Төмен	Төмен	Қайырымдылық, менторлық, беделді капитал, қазіргі студенттердің жұмысқа орналасуы.	ТӨМЕН. Жаңалықтар тұрақты тарату, түлектерге арналған іс-шаралар, менторлық бағдарлама.
Жұмыс берушілер / Тәжірибе базалары	Түлектердің сапасы мен нарыққа сәйкестігі, бағдарламаларды әзірлеуге қатысу.	Орташа	Орташа	Орташа	Түлектерді жұмысқа орналастыру, ҒЗЖ тапсырыстары, бағдарламалар бойынша кері байланыс, демеушілік.	ОРТАША. Факультеттердегі жұмыс берушілер кенестері (жылына 1-2 рет), бос орындар жәрмеңкесі, бірлескен жобалық жұмыстар.
Инвесторлар / Қаржыландырушы ұйымдар	Мақсатты пайдалану, есептілік.	Орташа	Орташа	Орташа	Жобаларды қаржыландыру, гранттар, инфрақұрылымға инвестициялар.	ОРТАША. Жобаларды таныстыру, бизнес-жоспарлар мен есептерді ұсыну, жеке кездесулер.
Халықаралық серіктестер	Халықаралық стандарттарға сәйкестік, академиялық мобильдік, бірлескен жобалар.	Орташа	Орташа	Орташа	Академиялық мобильдік, бірлескен гранттар, жарияланымдар, халықаралық рейтингтердегі позиция.	ОРТАША. Жобалар бойынша жұмыс топтары, өзара сапарлар, халықаралық конференцияларға қатысу.
Жеткізушілер және мердігерлер	Тұрақты келісімшарт қатынастары, ашық сатып алулар, уақытылы есеп айырысулар.	Төмен	Орташа	Орташа	Жабдықтау/жұмыстардың сапасы мен мерзімі, баға саясаты, бедел тәуекелдері (келісімшарттың бұзылуы).	ОРТАША. Нақты конкурстық процедуралар, тексерілген серіктестермен ұзақ мерзімді келісімшарттар, орындалуды тұрақты мониторингтеу.
В. Жанама ықпал ету саласы						
Бұқаралық ақпарат құралдары	Ақпараттың ашықтығы мен шынайылығы, қоғамдық маңызы.	Орташа	Орташа	Орташа	Қоғамдық имиджді қалыптастыру, даулы/жетістіктерді жариялау, аудиторияға қол жеткізу.	ОРТАША. Белсенді ақпараттық саясат (пресс-релиздер, сарапшылардың пікірлері), пресс-турларды ұйымдастыру.
Қоғамдық ұйымдар мен КЕҰ	Әлеуметтік және білім беру бастамаларында серіктестік.	Төмен	Төмен	Төмен	Әлеуметтік және экологиялық саладағы сараптама, қоғамдық пікірді мобилизациялау, нысаналы топтарға қол жеткізу.	ТӨМЕН. Қоғамдық іс-шараларға қатысуға шақыру, профильдік мәселелер бойынша консультациялар.
ҚР басқа ЖОО	Академиялық серіктестік, желілік өзара әрекеттесу формалары.	Орташа	Төмен	Төмен	Желілік бағдарламалар, салыстырмалы рейтингтер, тәжірибе алмасу, академиялық ынтымақтастық.	ТӨМЕН. ЖОО қауымдастықтарына қатысу, конференцияларда үздік тәжірибелермен бөлісу.
Аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер	Процестердің ашықтығы, деректердің шынайылығы, стандарттарға сәйкестік.	Орташа	Орташа	Орташа	Аккредитация тағайындау/айыру, рейтингтегі позиция, ұсыныстар.	ОРТАША. Аккредиттеу және рейтинг үшін толық және сенімді деректерді ұсыну, ескертулерді жою бойынша жұмыс.

Корпоративтік хатшының қолы
 Подпись корпоративного секретаря:



Стейкхолдер	Мүдделері мен күтілімдері	Ықпал	Мүдде	Біріктірілген бағалау	Ықпалдың құралдары	Өзара әрекеттесу стратегиясы
Қайырымдылық қорлары мен демеушілер	Қаржының мақсатты қолданылуы, әлеуметтік тиімділік туралы есеп.	Төмен	Орташа	Төмен	Мақсатты қаржыландыру, серіктестік арқылы беделді әсер.	ТӨМЕН. Қаражатты пайдалану туралы есептерді ұсыну, жобалардың нәтижелері туралы хабарлау.
Аудиторлық және консалтингтік компаниялар	Сараптаманың сапасы, шынайы ақпаратқа қол жеткізу.	Орташа	Төмен	Төмен	Кәсіби стандарттар мен регламенттер, аудиторлық қорытынды, консультациялық ұсыныстар, деректер мен персоналға қол жеткізу.	ТӨМЕН. Қызмет көрсетуге арналған шарттар: ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, кездесулерді ұйымдастыру, ұсыныстарды қарау.
Банктер	Келісім-шарттық міндеттемелерді сақтау (несиелер, есеп айырысулар бойынша), қаржылық жағдайдың ашықтығы, университеттің қаржылық тұрақтылығы.	Төмен	Орташа	Төмен	Қызмет көрсету нарықтық шарттары (тарифтер, мөлшерлемелер). Міндеттемелерді жүйелі түрде орындамаған жағдайда – қызмет көрсетуден бас тарту, сот арқылы қарызды өндіріп алу.	ТӨМЕН (Ақпараттық сүйемелдеу). Қолданыстағы келісім-шарттар аясында орындаушылар деңгейінде өзара әрекеттесу. Бәсекелес нарықтық ұсыныстар негізінде серіктес банкті таңдау. Реквизиттер немесе шарттардың өзгеруі туралы уақытылы хабарлау.
Халық	Университеттің қоғамдық және аймақтық дамуға қосқан үлесі.	Төмен	Орташа	Төмен	Қоғамдық пікір, қызметке әлеуметтік лицензия, талапкерлердің болашақ контингентін қалыптастыру.	ТӨМЕН. Ашық іс-шараларды өткізу (дәрістер, концерттер), өнімнің дамуына қосқан үлесі туралы жылдық есепті жариялау.

Қосымша 3. Мүдделі тараптардың графикалық картасы

I топ: Негізгі ойыншылар. Максималды қатысуды және серіктестікті талап етеді.

II топ: Назар аударуды және тұрақты ақпараттандыруды қажет ететіндер.

III топ: Жалпы бақылауды және базалық ақпараттандыруды қажет ететіндер.

<i>Мүдде жоғары</i>		<ul style="list-style-type: none"> • Институт директорлары / факультет декандары • Кафедра меңгерушілері 	<ul style="list-style-type: none"> • Директорлар кеңесі • Университет Басқармасы • ҚР ҒЖБМ (біріккен акционер және салалық реттеуші)
<i>орташа</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Жеткізушілер және мердігерлер • Қайырымдылық қорлары мен демеушілер <ul style="list-style-type: none"> • Банктер • Халық 	<ul style="list-style-type: none"> • Бөлімше жетекшілері • ПОҚ • Магистранттар, PhD докторанттар және бакалавриат студенттері <ul style="list-style-type: none"> • Қызметкерлер • Талапкерлер және олардың ата-аналары <ul style="list-style-type: none"> • ЖАО (әкімдіктер) • Басқа мемлекеттік органдар • Жұмыс берушілер / Тәжірибе базалары • Инвесторлар / Қаржыландырушы ұйымдар <ul style="list-style-type: none"> • Халықаралық серіктестер <ul style="list-style-type: none"> • БАҚ • Аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер 	<ul style="list-style-type: none"> • ҚР ҚМ
<i>Төмен</i>	<ul style="list-style-type: none"> • Университет түлектері (Alumni) • Қоғамдық ұйымдар мен КЕҰ <ul style="list-style-type: none"> • ҚР басқа ЖОО 	<ul style="list-style-type: none"> • Аудиторлық және консалтингтік компаниялар 	
	<i>төмен</i>	<i>орташа</i>	<i>жоғары</i> Ықпал


Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:



Қосымша 4. Стейкхолдерлердің мүдделері мен күтілімдері

Стейкхолдер	Мүдделер	Күтілімдер
Директорлар кеңесі	Университеттің стратегиялық тұрақтылығы; тиімді басқару; мемлекеттік саясатқа сәйкестілік; бедел	Негізделген басқарушылық шешімдер; ашық есептілік; сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуі; стратегиялық көрсеткіштерге жету
Университет Басқармасы	Стратегияны іске асыру; қызметтің тұрақтылығы; процестерді басқару; реттеушілердің талаптарын орындау	Сенімді аналитикалық ақпарат; бөлімшелердің әрекеттерінің келісімділігі; даму бағдарламаларын тиімді іске асыру
Бөлімше жетекшілері	Бөлімшелердің қызметінің тиімділігі; ресурстық қамтамасыз етілу; КРІ жетістігі	Анық регламенттер; басқарушылық қолдау; тиімділікті бағалаудың ашық критерийлері
Институт директорлары / факультет декандары	Білім беру бағдарламаларының сапасы; кадрлық әлеуеттің дамуы; академиялық бедел	Әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау; регламент шегіндегі автономия; басқарушылық шешімдерге қатысу
Кафедра меңгерушілері	Бағдарламалардың академиялық сапасы; ғылыми даму; кафедраның тұрақтылығы	Анық талаптар; бастамаларды қолдау; жүктеме және ресурстарды әділ бөлу
Профессорлық-оқытушылық құрамы (ПОК)	Жұмыстың тұрақтылығы; академиялық еркіндік; кәсіби және ғылыми даму; жұмыстың нәтижелерін әділ бағалау және мойындау	Бағалаудың ашық критерийлері; ресурстарға қолжетімділік; біліктілікті арттыру мүмкіндіктері; білім беру бағдарламаларын дамытуға қатысу
Қызметкерлер	Тұрақты еңбек жағдайлары; анықталған міндеттер; қолайлы еңбек жағдайлары; кәсіби өсу	Анық басқарушылық шешімдер; әділ жүктеме; сыйластықпен қарау; біліктілікті арттыру мүмкіндіктері
Магистранттар, PhD докторанттар және бакалавриат студенттері	Білім беру сапасы; практикалық бағыт; жайлы білім беру ортасы; ғылыми жетекшілік; академиялық ұтқырлық	Оқыту нәтижелерін объективті бағалау; білім беру процесінің қолжетімділігі; дамудың қолдауы; Университеттегі студенттік өмірге қатысу
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі (біріккен акционер және салалық реттеуші)	Университеттің стратегиялық дамуы мен тұрақтылығы; стратегиялық мақсаттар мен негізгі көрсеткіштерге жету; мемлекеттік саясат басымдықтарына сәйкестілік; қаржылық ресурстарды тиімді және мақсатты пайдалану; білім беру сапасын және институционалдық беделді қамтамасыз ету; нормативтік талаптарды орындау	Бекітілген стратегия мен даму бағдарламаларын іске асыру; корпоративтік басқару және ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің жұмысы; ашық және сенімді басқарушылық және қаржылық есептілік; Директорлар кеңесі мен Басқарманың алдындағы акционерге есеп беру; заңнама мен нормативтік актілердің талаптарды орындау
ҚР Қаржы министрлігі	Бюджет қаражатын тиімді пайдалану; қаржылық тәртіп	Қаржылық қызметтің ашықтығы; бюджет заңнамасын сақтаулы
Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер)	Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы; өңір үшін кадрларды даярлау; Университеттің өңірлік жобаларға қатысуы	Университеттің өңірлік жобаларға қатысуы; сұранысқа ие мамандарды даярлау
Басқа мемлекеттік органдар	Заңнаманы сақтау; қызметті бақылау	Ақпаратты уақтылы ұсыну; нұсқамаларды орындау; дұрыс өзара әрекеттесу



	«М.Қозыбаев атындағы СҚУ» КеАҚ НАО «СҚУ им. М. Қозыбаева»	СҚУ ДК 32 СД СҚУ 32	Басылым: бірінші Издание: первое	16 беттің 16 беті Стр. 16 из 16
----------------------------------------------------------------------------------	--------------------------------------------------------------	------------------------	-------------------------------------	------------------------------------

Талапкерлер және олардың ата-аналары	Білім берудің қолжетімділігі мен сапасы; қабылдау шарттарының ашықтығы; еңбек нарығындағы перспективалар	Ашық қабылдау ережелері; сенімді ақпарат; қауіпсіз және жайлы білім беру ортасы
Университет түлектері (Alumni)	Дипломның беделі; Университетпен байланыста болу; кәсіби және мансаптық мүмкіндіктер	Университетпен өзара әрекетті қолдау; оның дамуына қатысу; түлектердің жетістіктерін мойындау
Жұмыс берушілер / Тәжірибе базалары	Түлектерді дайындық сапасы; еңбек нарығы талаптарына сәйкестілік; құзыреттерді қалыптастыруға қатысу	Бағдарламаларды әзірлеуге қатысу; тәжірибеге бағытталған мамандарды даярлау; тұрақты серіктестік
Инвесторлар / Қаржыландырушы ұйымдар	Инвестициялардың тиімділігі; жобалардың тұрақтылығы; Университеттің беделді сенімділігі	Қаржының ашық пайдаланылуы; жарияланған нәтижелерге жету; есеп беру және жобаларды басқару
Халықаралық серіктестер	Академиялық ұтқырлық; бірлескен білім беру және ғылыми жобалар; халықаралық бедел	Халықаралық стандарттарға сәйкестілік; тұрақты серіктестік; келісімшарттық міндеттемелерді орындау
Жеткізушілер және мердігерлер	Тұрақты келісім-шарттық қатынастар; уақытылы есеп айырысу	Ашық сатып алу рәсімдері; келісімшарт шарттарын сақтау; ұзақ мерзімді серіктестік
Бұқаралық ақпарат құралдары	Ақпараттың қоғамдық маңызы; Университеттің беделі	Ақпараттың ашықтығы мен сенімділігі
Қоғамдық ұйымдар мен КЕҰ	Әлеуметтік даму; білім беру бастамаларына қатысу	Серіктестік; жобаларға қатыстыру
ҚР басқа ЖОО	Академиялық ынтымақтастық; бірлескен жобалар мен бағдарламалар; тәжірибе алмасу	Келісімдерді сақтау; серіктестікке ашықтық; өзара әрекеттесу желілік формаларын дамыту
Аккредиттеу және рейтингтік агенттіктер	Білім беру сапасын қамтамасыз ету; деректердің салыстырмалылығы және сенімділігі	Процестердің ашықтығы; стандарттарды орындау; ақпаратты дұрыс ұсыну
Қайырымдылық қорлары мен демеушілер	Қолдаудың әлеуметтік тиімділігі	Қаржыны мақсатты пайдалану; есеп беру
Аудиторлық және консалтингтік компаниялар	Сараптаманың сапасы	Ақпаратқа қол жеткізу; конструктивті өзара әрекеттесу
Банктер	Университеттің қаржылық тұрақтылығы	Төлем қабілеттілігі; келісімшарт міндеттемелерін сақтау
Халық	Университеттің әлеуметтік рөлі; аймақтың дамуы	Университеттің қоғамдық және аймақтық дамуға қосқан үлесі

Корпоративтік хатшының қолы
Подпись корпоративного секретаря:

